

Worship

2009-2014

«АЛШ» АТАУЫНЫҢ ИДЕЯЛЫҚ-КӨРКЕМДІК ЭВОЛЮЦИЯСЫ

Қазақ ағартушылығының саяси бет-бағдарының, сипатының түрленуі мен толысуына ғаламдық масштабта — бірінші жер жүзілік соғыс, империя көлемінде — 1917 жылғы әлеуметтік төңкерістер, сахара ауқымында — 1916 жылғы оқиғалар бір-бірімен тұтас байланыста түрткі-тәсірін тигізді. Бұл уақыттың ұлт өміріндегі бейне-бедері «халықтың көзі, құлағы һәм тілі» бола білген «Қазақ» газетінің қызмет-кажырымен сөзсіз сабақтас. Өз кезегінде — М.Әуезов тұжырғандай — «Қазақ» газетінің мезгілі әдебиеттің ұлтшылдық туын көтерген мезгілімен тұстас... Жұрттың бәрінің сөзіндегі бір сарын — жалғыз ұлтшылдық сарыны болатын» [1, 231-232]. Ал сол «ұлтшылдық сарын» әдеттегіше этникалық түп-тектің асылын табу, тану мәселесімен өзектесіп-өрселесіп жатты.

Африкалық белгілі қаламгер Чинуа Ачебе бір мақаласында: «Өзінің қайта өрлейтін сәт-сағатында халық байырғы даңқты бабаларын жадында жаңғыртады; бұл — түсінікті жайт. Тәуелсіздік алған тұңғыш африкалық мемлекет өзін ежелгі Гана патшалығының атымен атауды ұйғарды. Нигерияны әуелде Суданның үш ұлы империясының бірінің атына сәйкес Сонгай деп ныспылау жөнінде ұсыныс болғандығын білесіздер...», — дейді [2, 53]. Яғни ұлттық жаңғыру жағдайында тарихи генеалогия шешуші шарт, нық негізге айналады. Мұның мысалы мемлекеттің атауын тандаудан ғана емес (еліміз тәуелсіздік алған тұста «Қазақстан», «Қазақ елі» деген атаулардың төңірегінде таласты пікірлер өрбігендігін еске алыңыз), белгілі бір нәсілдік қауымдастықтың өзіндік идентификациясы — этноним тарапынан да табылады. Дәлел-дәйек үшін «Қазақ» газетінің жарияланымдарына көз жүгіртелік: «Аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың аруақты аты деп, газетіміздің есімін «Қазақ» қойдық» (1913, №1); «Біздің газетіміздің таңбасы «Қазақ», яғни қазақтығымызды сақтау. Қазақтық, әрине, аты мен тілі жоғалмаса сақталады»; «Тарих кітаптарындағы көп қатенің бірі — тарих жазушылардың ешбірі қазақ пен

қырғызды айырмайды. Қазақ — қазақ! Қырғыз — өз алдына қырғыз. Түрікмен мен башқұрт қандай басқа-басқа ел болса, қазақ пен қырғыз да сондай басқа ел» (1913, №2), т.с.с.

Ұлт даралығының алғашқы, айқын нышаны оның төл немесе танылма этникалық атауынан менмұндалайтыны рас; бір қызығы, әлгі төл және таңылма есімдер қаз-қатар қолданыла беруі де мүмкін. Айталық, Әлихан Бөкейханның жазуынша: «...орыс бұл күнгі Германия жұртын немец деп қойып отыр, орыс тілін білмеген соң, сен мылқаусың деп; орысша мылқау — немой. Германия жұрты өзін «дойче» деп атайды». Этнолог Я.В.Чеснов «неміс» этнонимінің төркіні туралы өзгелерден оқшау ойлайды: «Другой пример — немцы. Кажется, тоже все понятно: «не умеющие говорить по нашему, вроде как немые». Такое объяснение существует и в науке. Но больше оснований считать, что в славянские языки название «немцы» попало от одного из древнегерманских племен, которое римские авторы называли Nemetes. Данные ряда индоевропейских языков дают основание это слово толковать как «бродячие», «кочевники» [3, 101-102]. Бірінші Петр заманында орыстар голландықтар мен даттарды да «неміс» деп атаған. Сөйтіп, «дойче» халқының аты «немец» болып бұрмаланып, тікелей түрде біздің тілімізге де ауысты. Әрине, дойчелердің өздерін «дойче» дейтіні секілді, қазақтар да өздерін атам заманнан «қазақ» деп келді; «қырғыз», «қайсақ», «қырғыз-қайсақ», «қазақ-қырғыз» тәрізді жанама, жалған есімдер халқымызға отарлаушылар жағынан жөн-жосықсыз таңылған-тұғын. Ұлтымыздың өз атауы ресми түрде Кеңес заманында — 1925 жылы қайтарылды.

Қазақтың этникалық сана-сезімінің астарында қадым замандардан бері жасап келе жатқан мән-маңызы зор тағы бір сөз бар. Ол — АЛАШ атауы.

«Қазақ Совет Энциклопедиясының» 1-томында оған мынадай анықтама берілген: «АЛАШ, Алаш мыңы — сжелгі қазақ тайпаларының, ең алғаш қауым болып біріккен одағы, «қазақ» деуден бұрынғы елдің жалпы аты» [4, 247]. Олай болса, тарихи семантикасы тұрғысынан «алаш» сөзі — әрі елдің жинақы есімі, әрі этноним. «Алаш» («алты сан алаш», «алты алаш», «алаш мыңы», «алаш қауымы», «алаш ұлысы»)

ұғымының жай-жапсары хақында Ұлықбектің «Тарих Ұлыс арбия, Насаб намен қазақ», Қадырғали Жалайырдың «Жамиат-тауарих» еңбектерінде, беріде Шокан Уәлихановтың зерттеуінде сөз сарапталған. Құрбанғали Халидтің 1910 жылы Қазанда жарық көрген «Тауарих хамса» кітабының «Алаш атауына бірінші уәж (қаулы)», «Екінші уәж (қаулы)», «үшінші уәж (қаулы)» деп аталатын тараушаларында осы тақырыпта әңгіме тарқатылып: «Осымен үш қаулының ішінде әуелгісі шындықты, тарихты мақұлдатады. Алынша ханға ыңғайлап, «алаш ұранды ағайынбыз» деген ақылға қонымдырақ. Себебі Алынша хан заманында халық мұншалық өспей, аз кезде татар, маңғұл айырылмай, бәрі «Алынша ханның елі, Алынша ханның жұрты» атанып, бұл сөз осы кезге дейін ұмытылмай, «алты сан алаш» деп айтылады» [5, 55-57].

Жоғарыдағы авторлардың қай-қайсысы да «алаш» атауының тамырын түркі-монғол тайпаларының бірде араласып, бірде ажырасып жүрген дәуірлеріндегі қауымдастықтардың ортасынан қазып-қарастырған.

XX ғасыр басындағы қазақ қайраткерлері де «алаш» сөзінің табиғатын тергеуге талап қылып, оны көбіне ұлт тарихымен ұштастыруға тырысты. Мысалы, Шәкәрім Құдайбердіұлы өзінің «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресінде»: «Әз Жәнібек қазақты Шағатай нәсіліне қаратқан соң, кешікпей сол кезде қазақты һәм көшпелі басқа елдерді Жүніс ханның Ахмет деген баласы билеп, оның ағасы Жәнске – шын аты Махмуд деген — Ташкентте үлкен хан болыпты. Сонда Ахмет хан қазақтың әскерге жараулысын үшке бөліп, ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз деп қалмақты шаба берген соң, қалмақтар Ахмет ханды Алашы қойыпты. Мағынасы «жан алғыш» дегені, оны есіткен соң Ахмет хан «қалмақ бұл атты қорыққаннан қойды, енді қалмақты шапқанда «алашылап» шабындар деген соң, қазақтар «алашы» деп шауып, сол қазаққа ұран болыпты. «Алаш алаш болғанда, Алашы хан болғанда, қалмаққа не қылмадық» деп қазақтың мақтанатұғыны сол», - деп жазуы мұң еді [6, 23], оның кітабына пікір білдірген Қыр баласы (Әлихан Бөкейхан): «Бұл қалай? Алаш деген — біздің қазақ сөзі. Алаш қалмақ қойған ат болса, қалмақ өз тілімен

қоятын жөні бар емес пе?.. Түбінде Шаһкерім «Алашысы» Алаш болып шықса да, бұ күйде ақылға көмескілеу деймін. Қалмақ тілінде біздің «Алаш» Алаш болса, Шаһкерім сөзі сонда дұрыс болар еді. Астрахан губернесінде қалмақпен көрші отырған қазақ, қалмақтар біледі ғой. Қалмақша Алаш не сөз? Мұны біздің «Қазаққа» жазатын аға-іні табылар ма?», — деп жалпы жұртшылыққа сауал тастады («Қазақ» газеті, 1913, №12). Оған доктор Халел Досмұхамедов ілешала былайша жауап берді: «Орал облысында Уральски казачи воинскаға қараған қалмақтар бар. Қыр баласының өтініші бойынша «Алаш» деген қалмақ тілінде сөз бар ма? Мағынасы қазақша не болады?» дегенімде, қалмақтар айтты: «Қалмақ тілінде «Алаш» деген сөз бар, қазақша мағынасы — өлтіргіш, аямаушы, жаугер» деп «Алаш» деп қалмақтар жақтырмаған орында айтады. Жаны ашымай хайуанатты көп өлтіре беретін аңшыларды да қалмақтар «Алаш» деп атайды» («Қазақ» газеті, 1913, №25). Осы деректерге сүйенген Міржақып Дулатұлы болса: «... «алаш» қазаққа ұран болып қалған мәнісі ақылға қонып тұр», — деген қорытындының астына қол қояды [7, 318]. Сәл кейіннен соң — Мұхамеджан Тынышбайұлы өзінің тарихи зерттеуінде «алаш» ұранын әуелде алшындар Алтайдан ала келгендігін, бұл ұранның бастапқыда Кіші Ордаға тиесілі болғандығын тұжырымдады [8, 72-73].

«Алаш» атауын бүгінгі зерттеушілеріміздің де айналып өтпейтіні аян. Мысалы, лингвист Р.Сыздықова оның қолданылу аясын, құбылу арналарын кезең-кезеңімен ашып көрсетсе [9, 33-37], талантты ғалым С.Қондыбаев «Қазақ мифологиясына кіріспе» атты кітабында «алаш» сөзінің этимологиясын есте жоқ ескі замандарға теліп, мұның тылсымға толы мағына-мәртебесін күн мифологиясымен сабақтастыра отырып саралайды [10, 67-92]. Ал этнограф Ж.Артықбаев: «Әр түрлі аңыздар мен деректерді салмақтай отырып, қазақтың ортақ атауы — «алаш» көшпелілердің өмір салтынан туындаған идеологиялық, символ деуге келеді», — деген пайым жасайды [11, 72].

Қарап отырсақ, 1905 жылдан кейінгі ұлттық күрт ояну зиялыларды Алаш идеясының айналасына иіргенін көреміз. Әлихан Бөкейханның «Он төрт тоғыз бола ма?» атты

полемикалық мақаласында мынадай мағлұмат бар: «1908-інші жылы мен абақтыдан шығып, үйге қайтқанымда, маған марқұм Ерахмет Алдабек баласы бір қағаз көрсетті. Бақытжан Қаратаев, Сералы Лапин «Алаш» атты қауым жасап, қазақты біріктірмек болыпты, мұның ішінде сен де бар деп жазып отыр, бұл рас па деді. Мен мұны білмеймін, мен мұнда жоқпын дедім. «Алаш» деген баспа жүз сомның қағазы Рахмет қолында көрінді» [12, 289]. Мұны М.Тәжімұратовтың: «1905-ші жылдан соң ғана баспасөз мәселесінде азырақ саңылау ашылғандай болды... Ауыр қозғалып, бұл іске қазақ оқығандары да араласты. Олардың бейресми баспасөзге араласы 1905 жылы қазақ және татар оқығандары кадет партиясының бөлімшесін құрған Орал сиезінен басталатынын айту жөн. Сол жолғы құрылтайдан соң шыққан «Фикер» газетінің алғашқы төрт-бес нөмірі түгелдей Бақытжан Қаратаев, Халел Досмұхамедов, Ғұбайдолла Бердиевтердің күшімен жарық көрген. Алтыншы нөмірден бастап газет саяси бетінің өзгеруіне орай татар оқығандарының қолына көшкен. Мұнан соң Бақытжан Қаратаев тобы Аштарханда «Алаш» дейтін газет шығармақшы болды, тіпті оған ресми рұқсат та алынды, бірақ басылым әлдене себеппен жарық көрмей қалды», – деген дерегі байыта түседі [13, 259]. Осындағы мұраты айқын, бірақ орындалу мезгіл-межесі алыстау ой-шаралардың (ұлттық ұйым құру, ұлттық валюта жасау, ұлттық газет шығару) бірсыдырғы жылдардан соң жалпы қазақтық Алаш қозғалысына белгілі бір ыңғайда баспалдақ болғандығы талассыз.

1917 жылы 21-26 шілде аралығында Орынбор қаласында өткен жалпы қазақ сиезінде ұлттық дербес саяси партия құру жөнінде қаулы етілген еді. Осыған орай «Қазақ» газеті төмендегіше пікір пайымдады: «Партия ұраны десек, бабамыздың «Алаш» ұранынан артық ұранды іздесек те таба алмаймыз. Сөйтіп, қазақ саяси партиясының атын «Алаш» қою ойлап әурс болмастан ауызға түсіп тұр» («Қазақ» газеті, 1917, №244). Ұлттық автономия аңсарынан туған үкімет те «Алашорда» атын иемденіп, орталығы Алаш қаласы болып жарияланды. 1916 жылғы 25 қараша мен 1917 жылғы 25 мамыр аралығында Ташкент қаласында Көлбай Тоғысовтың редакторлық етуімен жарық көріп тұрған газетке де «Алаш» деп ат қойылды.

Большевиктік билік идеологиялық қазығын біржола қағып болғанша, қазақ жастарының басылымы да 1922 жылы «Жас алаш» деген атты алып үлгерді.

Демек, әрісі — зар заман, берісі — Абай уақытындағы сәт-себепке байланысты қауызы тарылып кеткен «Алаш» сөзі енді ең алдымен елдің еңсесін көтеретін, қажыр-қайратын оятатын ұлттық ұран есебінде қабылдануға қарады. Бұл сарын сөз бен істің бірлігі алдыңғы шепке шыққан, дүрбелені мол дәуірдің әдебиетінде де өз өрнегін тапты. «Сарыарқа» сөзі елдің территориялық тұтастығын сипаттағаны тәрізді, «Алаш» атауы халықтық рухтың белгісі ретінде бедерленді. Мысалы, «Алаш» жинағының (1910) авторы Нұржан Наушабайұлы:

Алаш еді ұранымыз,
Дін ислам — Құранымыз, -

деп жазса, Сұлтанмахмұт Торайғыров «Айтыс» атты поэмасында (1919) Дала ақынының атынан:

Мен — қазақ, қазақпын деп мақтанамын,
Ұранға алаш деген атты аламын.
Сүйгенім — қазақ өмірі, өзім — қазақ,
Мен неге қазақтықтан сақтанамын? —

деп жоғары пафоспен жырлады.

Алаш жолында өз жанын құрбандыққа қию ұлттық патриотизм мен отансүйгіштіктің ең баянды, биік тұғырына баланды; азаматтықтың өлшеміне айналды.

Міржақып:

Мен — біткен ойпаң жерге аласа ағаш,
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.
Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі —
Пайдалан шаруаңа жараса, алаш! —

деп жанпидалық етсе, Мағжан:

Не көрсем де, алаш үшін көргенім,
Маған атақ ұлтым үшін өлгенім!
Мен өлсем де, алаш өлмес, көркейер,
Істей берсін қолдарынан келгенін! —

деп ағынан ақтарылады.

Сұлтанмахмұттың жалпы жұртқа ортақ көңіл-күйді шертетін «Алаш ұранында» мынадай жолдар жолығады:

Алаш деген ел үшін,
Сарыарканың жері үшін,
Бостандық берген ер үшін,
Төгілсін біздің қанымыз!
Аялмасын жанымыз!

Қайраткер-қаламгерлер айналасындағы қандастарының азаматтық болмысына баға бергенде де, бірінші кезекте оларды алашқа жасаған немесе жасайтын қызметіне қарай мінзеді (А.Байұрсынұлы: «Миллетке қызмет — жұмләне міндет»; М.Дулатұлы: «Кешегі кара күндерде, // Жұлдызсыз, айсыз түндерде, // Жол таба алмай сенделіп, // Адасып алаш жүргенде, // Бұл күнгі көп көсемдер, // Сұраймын, сонда қайда едің?!»; Сұлтанмахмұт: «Ұштың ба нақақ оққа есіл ерім, // Ел үшін еңбек қылған кемеңгерім?! // Алаштың алаш аты жойылмаса, // Бір кетпес жау мойнында қаның тегін... // Тұра тұр, қоңыздарым, доңыздарым, // Ойлаған алашты емес, күндік жемін! // Талпынған ерік үшін алашыңа, // Қаның дария, сүйегің көпір сенің», т.с.с.).

1917 жылғы Ақпан төңкерісінен соңғы саяси серпіліс кезеңінде және Алаш автономиясы жарияланғаннан кейінгі ұлттық буырқаныс-бұрқаныс тұсында алақайлаған, атойлаған, аттандаған жырлар шоғыры жаралып, Алаш идеясы шын мәнінде өзінің апогейіне жетіп жығылды. Ахмет Мәметовтің «Алашқа сәлем» (Қазақ 1917, №222, 17 наурыз), Нұржанның «Алашордаға», Бейімбет Майлиннің «Алашордаға» (Қазақ. 1918, №262), С.Торайғыровтың «Алаш ұраны» (Сарыарқа. 1917, 21, 21 қараша), Ж.Аймауытовтың «Ғаскер өлеңі», «Ұран» (Абай. 1918, № 1,7) шығармаларындағы «Ақ алаш, азат алаш, даңқты алаш!», «Атағын мәңгі қалдырып, // Жасасын алаш, жасасын!», «Жарық сәуле ендіретін қазаққа, // Мәңгі жылдар жасасын Алаш ордасы!», «Жасаған жар болып, // Жасасын, сақтасын // Алаштың ордасын!», «Өнер тап, өрге шап, қару ап, // Аллалап алға бас, ал алаш!», «Жасайды алаш — өлмейміз, // Жасасын алаш, жасасын!», т.б. екпінді, ереуілді қатарлар — сол заматтағы халықтық рухтың қағазға қазқалпында қатталған көшірмесі.

Бір айта кетерлігі, қазақ поэзиясындағы Алаш идеясының түрікшілдік және исламшылдық сарындарымен жең ұшынан

жалғасқан сәттері де мол.

Мағжан поэзиясында түрікшілдік тұрақты сарын, тұтас сипатқа ие болды. Оның өлеңдеріндегі «қазақ» пен «алаш» этнонимдерінің қолданылу реті мен реңкі әрқилы. Акын «қазақ» атауын көбіне елдің сорлы, сиықсыз жағдайын суреттегенде жұмсаса, «алаш» арқылы рухтың жандану, жаңару ыңғайын бейнелеп береді. Алаш қозғалысы саясат сахнасынан тайдырылған тұста да Мағжан «алаш» атын аузынан тастаған жоқ. Кейін Сталиннің жеке пәрменімен жабылатын атақты «Ақ жол» газетінде 1923 жылы (10 мамыр, № 302) жарық көрген «Сырдағы алашқа» өлеңі — соның айқын айғағы. Аталмыш туынды — жұртты жездей қақтап, тезге салуға үндейтін үгіт жыры емес, ишара-иірімге құрылған символистік арнау. Өлеңде ұшырасатын, қазаққа қашаннан танымал «отқа табыну», «отқа май салу», «отпен аластау» тіркестері жаңаша контексте жаңғырады. Әуелі қазақтың «атасының отқа табынғандығы, өзінің бірге бағынғандығы» айтылады. Мұндағы «от» көкті, тәңірді, Күнді, яғни халықтың ескі таным-түсінігіндегі киелі күштерді кейіптесе, «бір» дегені жерді соның қойыны — көрді, демек, рухтың құлап-құлдырауын, жерге жанышталуын рәміздейді («Бір дегенің — жер ғой ол // Жер дегенің — көр ғой ол, // Көрді сүйген, өлген ол»). Сөйтіп, ұлттың трагедиясы «от-бір» («аспан-жер») қарама-қарсылығы арқылы символистік түрде сипатталады. «Жаны жасып кірлеген» жұртты тазартудың, түзетудің жолы — отпен аластау («Отпен аспанға өрлеген // Жаныңды, алаш, аласта...»). Өз жанын өзі отпен аластауға шақыру бұл өлеңнің жан жүйесінде «тегінді, тарихынды таны; өткендегі өжеттігінді, өрлігінді ұмытпа; рухынды қайта тіктеп, тірілт» деген талап-тілскпен қабысып жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. — Алматы: Ана тілі, 1991. — 271 б.
2. Литература стран Африки. Сб.2. — М.: Наука, 1966. — 380 с.
3. Чеснов Я.В. Лекции по исторической этнологии. — М.: Изд. «Гардарика», 1987. — 400 с.

4. Қазақ Совет Энциклопедиясы. Т.1. – Алматы: Қазақ Совет Энциклопедиясының Бас редакциясы, 1972. – 620 б.
5. Халид Қ. Тауарих хамса. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 254 б.
6. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, кыргыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы: Қазақстан-Сана, 1991. – 99 б.
7. Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1991. – 384 б.
8. Тынышпаев М. Великие бедствия. – Алматы: Жалын, 1991. – 152 с.
9. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Санат, 1994. – 125 б.
10. Қондыбаев С. Қазақ мифологиясына кіріспе. – Алматы: Зерде, 1999. – 304 б.
11. Артыкбаев Ж. Қазақ этнографиясы. Этнос және қоғам. ХҮІІІ ғасыр. – Қарағанды: ҚарМУ, 1995. – 154 б.
12. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 479 б.
13. Тәжімұратов М. Шәңгерей. – Алматы: Өлке, 1998. – 336 б.

Резюме

В статье автор рассматривает историю возникновения и развития слова «Алаш» и его идейно-художественное использование в казахской поэзии 20-х годов XX века.

Summary

In this article the author considers history of emergence and development of the word "Alash" and its ideological and art use in the Kazakh poetry of the 20th years of the XX century.